

*Абайдың  
педагогикалық  
ой -тағымдары*





*I тарау*

*Педагогика ұғымы.*

*II тарау*

*Абайдың педагогикалық  
ой тағлымдары.*

## ***Курстық жұмыстың мақсаты:***

Оқушыларға Абай Құнанбаев туған халқының бақытты өмір сүруі үшін аянбай ат салысып, жастарға зор үміт артқанын түсіндіріп, Абай өмірін тереңдете зерттеп оқыту. Жастарға қай жағынан болмасын толық білім берілуі қажет. Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастарын пайдалана отырып, идеялық бағыттары жағынан жастарды халықтың қағидаларға қызмет етуге үйрету.

## ***Курстық жұмысты міндеттері:***

- Абай Құнанбаев жайлы толық түсінік беру.
- Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарастарының мағынасын ашу.
- Қазақ әдебиетін дамытудағы Абай Құнанбаевтың рөлін ашу.

**Педагогика** – диалектикалық материализмнің оқиғалармен өзара жалпы байланысы жөніндегі қағидасын қоғам өмірінің басқа да оқиғаларымен органикалық байланыста қарастырады.

**Педагогика ғылымы** - қоғамдық құрылысқа, жаңа жағдайға сай адамның даму заңдылығын зерттейді.


Абай Құнанбайұлы (1845-1904) - ақын-ағартушы, жазба қазақ әдебиетінің, қазақ әдеби тілінің негізін қалаушы, философ, композитор, аудармашы, саяси қайраткер. Абай ілімі бойынша: әлем өмірінің мақсаты — өзін Жаратушының ықпалымен өмір сүру.



Адам өмірінің мақсаты

Кемелдену,  
жетілу.

**Жетілу** дегеніміз не? Түрлі жетілулер бар. Мысалы, спортпен шұғылданып өзіміздің денемізді, күш-қуатымызды жетілдірсек, ал ғылым-білім, өнерге үйрену арқылы ой-өрісімізді жетілдіреміз. Абай осыларды айта отырып, бұлардан гөрі маңыздырақ жетілу барын, ол – рухани жетілу, яғни жанды жетілдіру деп көрсетеді.



Ақын шығармалары ХІХ ғасырда да Қазақстанда демократиялық қоғамдық ойдың қалыптасып, дамуына негіз болған басты-басты идеялық үш қайнардан нәр алды:

1

Қазақтың ауыз әдебиеті мен өткен замандардағы жазба ескерткіштерінен сусындаған алдыңғы қатарлы халықтық дәстүр;

2

Ежелгі және орта ғасырдағы Шығыс ойшылдарының таңдаулы шығармалары;

3

Орыстың материалистік философиясы мен демократиялық мәдениеті, сол арқылы дүниежүзілік (ең алдымен Батыс Еуропаның) философиялық ойдың жетістіктері.

Адам мәселесін Абай әр түрлі: философиялық, биологиялық-психологиялық, эстетикалық және этикалық көзқарастан қарастырған. Абайдың адам туралы негізгі тұжырымдары Чернышевскийдің «Философиядағы антропологиялық принцип» (1860) деген еңбегінде айтылатын ойлармен ұштасады. Чернышевскийдің түсіндіруінше болмыс бірыңғай болған жағдайда адам басынан екі түрлі: материалдық (адам тамақ ішеді, ұйықтайды, жүреді) және адамгершілік тұрғыдағы (адам ойлайды, сезеді, қалайды) құбылыстарды байқаймыз. Абай Жетінші сөзінде: «Жас бала анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады. Біреуі - ішсем, жесем, ұйықтасам деп тұрады... Біреуі білсем екен демеклік. Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды», - дейді ойшыл-ақын.

---





Абай Құнанбаев – қазақ халқының ұлы ақыны, әдебиетінің негізін салушы ғана емес, сонымен қатар ұлы ойшылы. Оның поэтикалық шығармалары мен «ғалия» сөздері пәлсапалық, этикалық, эстетикалық, психологиялық, педагогикалық ой пікірлерге толы.

Ұлы ағартушы Абай өзінің көптеген шығармаларында қазақ халқының ауыр тұрмысын және надандығын мінеп-шенеді. Қара басының қамымн ғана ойлайтын, яғни тән қажеттігін өтеуді ғана ескеріп рухани қажеттілікті ойламайтын, біреуді алдып, біреуді арбап күн көрушілерге, өзінен күшті әкімдер алдына жағымпаздықпен көзге түсіп қалуға тырысушыларға Абай мейлінше қарсы бодлы. Оқудағы мақсат халыққа адал ету деп ұқты:

Пайда ойлама, ар ойла  
Талап қыл артық білуге.  
Артық білім кітапта  
Ерінбей оқып көруге –

деп жастарды білім – ғылымды меңгеруге шақырды.

*Абай тәрбие мәселесіне ерекше көңіл бөлді. «Әне оны берем, мәне мұны берем деп, бастан алданғаныңа мәз боласың, соңынан балаң алдамшы болса кімнен көресің?» деп теріс тәрбие беретін ата-ананы қатты сынға алды.*

*Ұлы ойшыл адамның өсіп, жетілуіндегі тәрбие рөліне тоқтала келе, өзінің 19-қара сөзінде «Адам баласы туа сала есті болмайды. Естіп, көріп, ұстап, татып, естілердің айтқандарын есте сақтап қана естілер қатарына қослады. Естіген нәрсені есте сақтау, гибрат алу ғана есті етеді» -деп ақыл-естің тәрбиенің жемісі арқылы жетілетін ғылыми тұрғыда дәлелдеп береді.*



# *Жастық шақ*

Адам өмірінің ең қызық, жауапты, мағыналы шағы, оның басты ерекшелігі: алданғыш көңіл, албырт сезім, сенгіш жүрек, батыл әрекет, қызыққа құмар, қызылға өш өткінші дәурен екендігі; Жастық шақта отбасын құру, білім алу, еңбек қаректіне төселу қажетін, бұл – адамшылықтың басталу шағы екенін, оны қалайда дұрыс бастау қажет болатыны; отбасын құру бақыты екі адамның тілек-мүддесінің бірлігі, жастар өз бақытының қожасы, мұны берік дәстүрге айналдыру олардың өз қолдарында екендігі.

*Ұлы ақын Абайдың  
педагогикалық  
көзқарасындағы басты  
нысаны:*

«Атаңның баласы  
болма, адамның баласы  
бол... жақсы көпке  
ортақ, пайдаң еліңе,  
халқыңа тисін», деген  
гуманистік ой-пікірді  
қуаттау болды.

Абайдың педагогикалық мұраларының негізгі идеяларының бірі - адамдардың өзара қарым-қатынасы, әсіресе, жастарды еңбекке баулу.



Абай даналығы еңбек ет - мал тап деген ақылға саяды. Тек еңбек, еңбек құмарлық халықты өнерге үйретеді, білімге меңзейді, ғасырлар бойы қайыршылық жайлаған халықты - еңбек ғана биікке шығарады, психологиясын өзгертеді - деген



Еңбек Абайша айтсаң-өнер. Жастардың еңбек тәрбиесі, сонда ғана жүзеге асады, егер ол халықтың бүкіл көпшіліктің, түптеп келгенде, бүкіл қоғамның игілігі не айналғанда, оның молшылық қажетіне жараған жағдайда, білім алып, бақытты болған шағында. Ол еңбек тәрбиесі - басқа барлық тәрбиенің негізі.

Абай адамгершілікті, әділеттілікті ең негізгі моральдық принцип ретінде поэзиялық -тәрбиелік туындыларында да, қара сөздерінде де үнемі атап көрсетіп отырады.

Қайрат пен ақыл жол табар

Қашқанға да қуғанға.

Әділет, шапқат кімде бар,

Сол жарасар туғанға.

Бастапқы екеу соңғысы

Біте қалса қазаққа,

Алдың-жалын, артың-мұз,

Барар едің қай жаққа? - дейді ақын.

"Әсемпаз болма әрнеге" деп басталатын өлеңінде. Сөйтіп, ол әділеттік, мейірбандық болмаған жерде ақыл мен қайратта адамды жақсылыққа жеткізе алмайды деп түйеді.

# Абай Құнанбаевтың педагогикалық көзқарасы.

Абай бос даурығуға, бекер сал шашуға, өтірік, өсек айтуға, жалқаулыққа қарсы шықты. «Бес нәрседен қашық бол, Бес нәрсеге асық бол, адам болам десеңіз», - дей келіп, Абай «Өсек, өтірік, мақтаншак, еріншек, бекер мал шашпак, Бес дұшпаның білсеңіз, Талап, еңбек, терең ой, қанағат, рақым ойлап қой, Бес асыл іс, көнсеңіз», - деген өсиет айтты.

Абай өнер-білім алуға шақырды, өмірде өз орныңды тап, пайдалы әрекет жаса, дейді. «Сен де – бір кірпіш дүниеге, тетігін тап та, бар қалан!» деген сөздер соның айғағы. Қазақ елінде ойын-сауыққа көп әуестеніп, бір үйден бір үйге, бір ауылдан бір ауылға селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет селтендеп, қыдырып жүретін келеңсіз әдет барын ашына ескертіп, одан аулақ болуды арман етті.

# Абайдың қара сөздерінің мәні.

Абайды Алаш арыстарының бірі Ахмет Байтұрсынов “халқымыздың бас ақыны”, ал Мағжан Жұмабаев болса “хакім ақын” деп лайықты бағаларын берген болатын.

Абайдың шығармашылығы - әрбір қазақ баласының көңіліне шуақ, өмірге деген көзқарасына анықтық беретін бағыт. Өйткені, Абай атамыздың әрбір қара сөзін қайта оқып, тереңірек барлай бастасақ, олардың қыр-сырлары қайта ашыла түседі. Абай бірінші сөзінде қара сөздердің жазылу себебін түсіндіре келіп, одан әрі оқырманға ой салады. Мысалы, 15-сөзінде: “Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім,” – дей келіп, екеуінің айырмашылығын айқын суреттейді.

Абай сөздерін қорыта келе, «адам баласы адам баласынан тек ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен оза алады, онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де – ақымақтық,» - дейді



Саққұлақ шешен: “Адамның басшысы – ақыл, жетекшісі – талап, шолушысы – ой, жолдасы – кәсіп, қорғаны – сабыр, қорғаушысы – мінез, сынаушысы – халық” ,- дейді. Бұл сөздерімен Саққұлақ шешен Абайды қолдай түскендей. Абай, тек сезімге және соқыр нанымға берілген қазақтарды осы қара сөздерімен парасатты ақылға, ғылымға, білімге шақырады. Абайдың тағы да атап өткен қасиеттерінің бірі – ар.

Ақынның қоғам туралы ой-пікірі білім-ғылыммен ұштасып жатады. Білімге арнаған өлеңдерімен қатар 32–ші қарасөзінде білім-ғылымның талаппен табылатынын, ал талаптың 6 шарты бар екенін айтады.

- 1. Адам көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де мейірленеді
- 2. Ғылымды үйренгенде ақиқат мақсатпен білмек үшін үйрену
- 3. Ақиқатқа көзің жетсе, өлсе айырылмау
- 4. Білім, ғылымды көбейту үшін мұлахаза (ойлау, пікірлесу)
- 5. Салғырттық құдайдың, халықтың, дәулеттің, ғибраттың, ақыл, ардың дұшпаны
- 6. Ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауат бар. Сол мінездің бұзылмауын айтады.

# Қорытынды.

Қорыта келе, қазақ халқының абзал ұлдары, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың бас кезіндегі демократиялық бағыттағы қазақ зиялыларының ең ірі, ең беделді көшбасшылары қазақ ғылымы мен мәдениеті, оқу-тәрбие ісі тарихына сіңірген орасан зор еңбектерінің тарихтан өшпес орын алатынын бүгінгі демократия мен әділеттілік салтанат құрған дәуірде өмір шындығы дәлелдеп отыр.

Назарларыңызға рахмет!!!

